

# КІШІКТЫҚ ТІНІ САКЫРТУ — ЗЕМІНДЕ НЕМІСІ

Әлемді шарыған пандемия елімізді де айналып өткен жок. Салдары әрине өте көп болды. Дегенмен, ел билігінің дұрыс қабылданған шешімдерінің арқасында барлық салаларды зардал шегуден сактап қалды.

Соның бірі-білім саласы. Бул сағада тез арада жүйелі жоспарлар әзірленіп, окушылар, студенттер өздерінің білімдерін көдергісіз жалғастыру максатында қашықтықтан білім олу жүйесі енгізілді.

Қашықтықтан оқыту — Профессор-оқытушылар құрамы мен студент арасындағы жаһама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық қураалдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын білім беру түрі болып табылады. Қашықтықтан білім беру технологиялары қашықтықтан оқу сабактарын «online», «offline» режимінде откізуге негізделген. «Online» режимінде оқу сабактары нақты уақыт режимінде оқудың өзара іс-әрекет ету үдерісін қарастырады (бейнеконференция, интернет желісімен хабар алмасу, телефон аппаратын қолдана отырып, әлеуметтік жөлілер арқылы келіссөздер). «Online» режиміндегі оқу сабактары оқытушы мен білім алушы арасындағы асинхронды тілдесудің (электрондық пошта, кейиннен қорытынды бақылау тапсырумен оқытушының тапсырмасы бойынша білім алушының оқулықпен жұмысы) оқу іс-әрекеті процесін қарастырады.

Қашықтықтан оқыту технологиясының артықшылықтары:

- Заман талабына сай ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен қураалдарды қолдану;
- Интерактивті әрекеттесу формалары;
- Сапалы білім алу;
- Уақытты үнемдеу;
- Іштегілі уақытта оқу;

- Аймақтық
- Шектеулер жок.

Қашықтықтан оқыту технологиясы – студенттердің біліктілігін әрі қарай тереңдете арттыру бағытындағы осы заманның ең әсерлі де тиімді жүйесі болып табылады және блашақта алатын орны орасан екені даусыз.

Қазіргі заманда білім алудың ілгері даму мүмкіндігі зор тәсілдерінің бірі – заманауи телекоммуникациялық технологияларды, атап айтқанда интернет желісін қамтамасыз ететін мүмкіндіктерді қолдана отырып, қашықтықтан оқыту. Қашықтықтан оқытуудың тиімділігі оған енгізілген педагогикалық магынамен анықталады, оның түсіндірүлөрінің ішінде екі түрлі көзқарасты болып көрсету керек.

Біріншісі, бұғанғі күні кеңінен таралған, қашықтықтан оқыту арқылы оқытушылар мен студент арасында ақпарат алмасуды білдіреді. Екінші тәсілде қашықтықтан оқытуудың басым бағыты – қазіргі заманғы телекоммуникация қурааларының комегімен құрылған студенттің жеке танымдылығының қызметі. Бұл тәсіл білім беру субъектілерінің өзара іс-қимылдарының интерактивтілігін және оқу процесінің өнімділігін қамтамасыз ететін ақпараттық және педагогикалық технологияларды біріктіруді көздейді. Бұл жағдайда ақпарат алмасу және жіберу студенттердің нәтижелі білім беру қызметін үйімдастыру үшін көмекші ортаның ролін атқарады. Оқыту нақты уақытта синхронды түрде жүреді, сонымен қатар асинхронды.

Қашықтықтан оқыту қазіргі заман талабы болса, оны үйімдастыруда ең бастысы электрондық материалдар, қашықтықтан оқытуудың дидактикалық жасалымы, педагог-үйлестірүшілердің дайындау болып табылады. Бұл біліктілігі жогары, зияткерлік және кәсіби деңгейі дамыған, халықаралық дережедегі басекеге төзімді қогам қуруға зор көмегін тигізеді.

**Салтанат БАЙБОЛАЕВА, М.Әуезов**  
атындағы ОҚУ-нің «Мұнай газ ісі» кафедра-  
сының оқытушысы, доктор PhD, доцент,  
**Арсланбек ОРЫНБАСАРОВ,**  
х.ғ.к., қауымдастырылған профессор.